

## Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1118 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1496 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.12.08 № 1496 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

«Астық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

### Қ А У Л Ы

### Е Т Е Д І :

1. С а т ы п а л у б а ғ а с ы :

1) мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін:  
ҚР СТ 1046-2008 3-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 33100 (отыз үш мың бір жүз) теңге мөлшерінде;

2) мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін:  
ҚР СТ 1046-2008 4-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 27200 (жиырма жеті мың екі жүз) теңге мөлшерінде;

ГОСТ 28672-90 2-сыныпты арпаның бір тоннасына 25000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде;

3) мемлекеттік тұқым ресурстары үшін:  
жаздық жұмсақ бидай және арпа тұқымдарының репродукциялары мен егіс стандартының сыныптары бойынша осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 6

қ а з а н д а ғ ы

№

1 1 1 8

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## Жаздық жұмсақ бидайдың және арпаның тұқымдарын сатып алу бағасы

1 тоннаға теңге

	I репродукция	II репродукция	III репродукция
--	---------------	----------------	-----------------

Дақылдың атауы	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып
Бидай	50 200	47 700	44 900	42 600	40 300	38 500
Арпа	40 400	36 700	34 200	31 100	29 900	27 300

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ